



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



Аударма

«Қазақтелеком» АҚ Тұрақты даму туралы ақпаратына қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесіне

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды

Біз «Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2024 жылғы 31 желтоқсаны және осы күні аяқталған жылдың жағдайы бойынша Интеграцияланған жылдық есептің «Қосымшалар» 6-бөліміндегі GRI-ға сәйкес кестеде және SASB көрсеткіштер кестесінде берілген 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы тұрақты даму туралы есебіне қатысты (бұдан әрі – «Тұрақты даму туралы ақпарат») шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру тапсырмасын орындадық.

Орындалған іс-шаралар мен алынған дәлелдердің қорытындысы бойынша біздің назарымызға Тұрақты даму туралы ақпарат барлық маңызды жағдайларда Есептілік бойынша жаһандық бастама (GRI) жариялаған GRI Тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «GRI стандарттары»), Орнықты даму саласындағы есеп стандарттары жөніндегі кеңес (ISSB) реттейтін орнықты даму саласындағы есеп беру стандарттарына (бұдан әрі – «SASB стандарттары»), сондай-ақ Компания әзірлеген және жылдық есепте ашылған әдіснамалар мен нұсқаулықтарға (бұдан әрі – «Есеп беру өлшемшарттары») сәйкес дайындалмағандығы жөнінде ешқандай деректер түскен жоқ.

Қорытынды үшін негіз

Біз Халықаралық аудит стандарттары және ақпараттың дұрыстығын растау комитеті шығарған 300 «Аудиттен немесе өткен кезеңдердің қаржылық ақпаратын шолып тексеруден бөлек сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» (қайта қаралған) сенімділікті қамтамасыз ететін Халықаралық тапсырмалар стандартына сәйкес шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындадық.

Біздің ойымызша, алынған дәлелдер біздің қорытындыға негіз болу үшін жеткілікті және тиісінше берілген. Осы стандарт бойынша біздің жауапкершілігіміз әрі қарай «Біздің жауапкершілігіміз» бөлімінде сипатталған.

Аударма жазбасы

Баяндамамыздың бұл түпнұсқасы ағылшын тілінде дайындалған аударма болып табылады. Аударманың түпнұсқасын дәл көрсету үшін барлық ықтимал қамқорлық жасалды. Дегенмен, ақпаратты, көзқарастарды немесе пікірлерді түсіндірудің барлық мәселелерінде біздің баяндамамыздың ағылшын тіліндегі нұсқасы осы аудармаға қарағанда басым болады.



Біздің тәуелсіздігіміз және сапаны басқару

Біз адалдық, объективтілік, кәсіби құзыреттілік пен адал ниеттілік, құпиялылық және т. б. қағидаттарына негізделген бухгалтерлерге арналған Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің (БХЭСК кодексі) Кәсіби бухгалтерлердің кәсіби этикасы кодексінің (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда) тәуелсіздік және өзге де этикалық талаптарына сай болдық.

Біз этикалық талаптарға, кәсіптік стандарттарға және қолданылатын құқықтық және заңнамалық талаптарға сәйкестікке қатысты саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, сапаны бақылау жүйесін әзірледі, енгізуді және оның жұмыс істеуін ұйымдастыруды талап ететін 1-Сапаны басқару жөніндегі халықаралық стандартты қолданамыз.

Компания басшылығының жауапкершілігі

Компания Басшылығы келесі нәрселерге жауапты:

- Тұрақты даму туралы ақпаратты Жылдық есепте көрсетілген Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындау;
- Компания басшылығы жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын, Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес орнықты даму туралы ақпаратты дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қамтамассыз ету; және
- Тұрақты даму саласындағы тиісті есеп беру әдістерін таңдауға және қолдануға, сондай-ақ осы жағдайларда негізделген болжамдар мен бағалауларды ұсынуға.

Директорлар кеңесі Компанияның тұрақты даму туралы есептілігін дайындау процесін қадағалауға жауапты.

Тұрақты даму туралы ақпаратты дайындау кезіндегі ажырамас шектеулер

GRI стандарттары және SASB стандарттары тұрғысынан әртүрлі, бірақ қолайлы өлшеу және есеп беру әдістерінің ауқымы бар. Осы аталған әдістер нәтижелердегі елеулі айырмашылықтарға әкелуі мүмкін, бұл оларды басқа ұйымдардың деректерімен салыстыруға әсер етуі ықтимал. Сондықтан таңдамалы ақпарат жылдық есепте сипатталған Компания басшылығы қолданған және Компания жалғыз өзі жауапты әдістемемен бірге қарастырылуы керек.

Аударма жазбасы

Баяндамамыздың бұл түпнұсқасы ағылшын тілінде дайындалған аударма болып табылады. Аударманың түпнұсқасын дәл көрсету үшін барлық ықтимал қамқорлық жасалды. Дегенмен, ақпаратты, көзқарастарды немесе пікірлерді түсіндірудің барлық мәселелерінде біздің баяндамамыздың ағылшын тіліндегі нұсқасы осы аудармаға қарағанда басым болады.



Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз - сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы жоспарлау және орындау, тұрақты даму туралы таңдамалы ақпаратта жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ екеніне шектеулі сенімділік алу, сондай-ақ біздің қорытындымызды қамтитын шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тексеру нәтижелері туралы есеп шығару. Бұрмаланулар орынсыз әрекеттерден немесе қателіктерден туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта тұрақты даму туралы таңдамалы ақпарат негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

3000 (қайта қаралған) Халықаралық сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалардың стандартына сәйкес жүргізілетін сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма бойынша біз кәсіби пайымдау жасаймыз және бүкіл тапсырма бойынша кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- Тұрақты даму туралы ақпаратты дайындау үшін негіз ретінде Компанияның Қолданылатын өлшемшарттарды пайдалану жарамдылығын анықтау.
- Орынсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың туындауы мүмкін екенін анықтау мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылауларының тиімділігі туралы қорытынды беру мақсатында емес, тапсырмаға қатысы бар ішкі бақылау туралы түсінік алуды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау рәсімдерін жүргізу.
- Тұрақты даму туралы ақпараттағы елеулі бұрмаланулар орын алуы мүмкін жағдайға жауап беретін процедураларды құрастыру және орындау. Алаяқтықтан туындайтын елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелі қатеден туындағанға қарағанда жоғары, өйткені алаяқтық сөз байласуды, жалғандықты, қасақана әрекетсіздікті, бұрмалауды немесе ішкі бақылауды болдырмауды қамтуы мүмкін.

Орындалған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма Тұрақты даму туралы ақпарат туралы дәлелдерді алу үшін процедураларды орындауды қамтиды. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма процедуралары мәні мен уақыты ақылға қонымды ақпараттың дұрыстығын растау жөніндегі тапсырмаға қарағанда өзге және азырақ болып келеді. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмадан алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма орындағанға қарағанда айтарлықтай төмен.

Таңдалған рәсімдердің сипаты, мерзімі мен көлемі кәсіби пікірге, соның ішінде әділетсіз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан Тұрақты даму туралы ақпаратта маңызды бұрмаланулардың туындау мүмкіндігін анықтауға байланысты болады.

Аударма жазбасы
Баяндамамыздың бұл түпнұсқасы ағылшын тілінде дайындалған аударма болып табылады. Аударманың түпнұсқасын дәл көрсету үшін барлық ықтимал қамқорлық жасалды. Дегенмен, ақпаратты, көзқарастарды немесе пікірлерді түсіндірудің барлық мәселелерінде біздің баяндамамыздың ағылшын тіліндегі нұсқасы осы аудармаға қарағанда басым болады.



Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде біз келесі рәсімдерді орындадық:

- Тұрақты даму туралы ақпаратты дайындауға қатысты Компанияның есептілік процестері туралы түсінік алдық;
- Ашылатын ақпаратты анықтау процесінде табылған барлық ақпарат Жылдық есепте Тұрақты даму туралы ақпаратқа енгізілуіне қарай бағаланды;
- Жылдық есепте Тұрақты даму туралы ақпаратқа қатысы бар таңдалған мәліметтер бойынша қызметкерлерден сауалнама алынды;
- Деректердің дұрыс есептелгенін, жазылғанын, салыстырылғанын және ашылғанын тексеру үшін Тұрақты даму туралы ақпараты негізінде іріктеу негізінде шектеулі мазмұнды тестілеу жүргіздік.

Пайдалану және тарату бойынша шектеулер

Біздің есеп тек Компанияның Директорлар кеңесіне, біздің арамыздағы жасалған келісімге сәйкес Компания басшылығына Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметі және осы қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты ашуға жәрдемдесу, сондай-ақ Тұрақты даму туралы ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есепті алу арқылы корпоративтік басқару саласындағы міндеттерді орындау мақсатында дайындалған. Сондықтан, Тұрақты даму туралы ақпаратты басқа мақсаттарда пайдалану мүмкін емес және пайдаланылмауы керек.

Біз бұл есеп мазмұнын Компания сайтында жарияланатын Жылдық есеп құрамында жариялауға рұқсат береміз.

Компания сайтының сақталуы мен тұтастығы үшін Компания басшылығы жауап береді. Біз жүргізетін жұмыс осы мәселелерді қамтымайды және сәйкесінше, Компания сайтында жарияланған Тұрақты даму туралы ақпаратқа енгізілген өзгерістер үшін жауапкершілікті өз мойнымызға алмаймыз.

Нақты келісілген жазбаша шарттар және бізден алдын ала жазбаша түрде келісім алынған жағдайларды қоспағанда, қолданыстағы заңнама бойынша біз Компаниядан басқа тұлғалар алдында орындалған жұмыс пен осы есеп үшін жауапкершілік алмаймыз.

30 маусым, 2025 жыл

Алматы, Қазақстан

Аударма жазбасы
Баяндамамыздың бұл түпнұсқасы ағылшын тілінде дайындалған аударма болып табылады. Аударманың түпнұсқасын дәл көрсету үшін барлық ықтимал қамқорлық жасалды. Дегенмен, ақпаратты, көзқарастарды немесе пікірлерді түсіндірудің барлық мәселелерінде біздің баяндамамыздың ағылшын тіліндегі нұсқасы осы аудармаға қарағанда басым болады.